

«Ақсай техникалық колледжі» МЖКК



Колледж директоры

«Бекітіліп»

М.Дияров

«___» 20 ___ ж.

2023-2024 оқу жылына арналған сыйайлас жемқорлыққа қарсы саясат

Ақсай-2023

«Ақсай техникалық колледжі» МКҚК

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат

1. Жалпы ережелер

1. Ақсай техникалық колледжі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі принциптерін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен күресу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын барынша азайтуға, сыбайлас жемқорлық фактілерін алдын алуға, колледждеге сыбайлас жемқорлықты қатаң қабылдамауды қалыптастыруға бағытталған.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл жүйесін құруға бағытталған қызмет.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл колледждің лауазымдық тұлғаларының құзыреті аясындағы қызметі:
 - 1) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, соның ішінде сыбайлас жемқорлық себептерін анықтау және кейіннен жою (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу);
 - 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау, алдын алу, бұлтартпау және ашу (сыбайлас жемқорлықпен күрес).
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелері колледждің барлық қызметкерлеріне қатысты.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаты мен міндеттері

5. Лауазымдық міндеттерді орындау кезінде сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын және әділеттік пен тұрақтылық принциптерін қамтамасыз ететін колледж қызметкерлерінің құқықтың мәдениетін қалыптастыру Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі мақсаты болып табылады.
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың міндеттері:
 - 1) сыбайлас жемқорлыққа әкеп согатын себептер мен жағдайларды жою;
 - 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу;
 - 3) Колледж қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, сондай-ақ колледж қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға тәрбиелеу болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары

7. Колледждегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мынадай негізгі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:
 - 1) төмендегілер арқылы колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық тәртібіне төзбеу қылышын қалыптастыру:
 - қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында КР заңнама нормалары мен басқа да актілерін түсіндіру;
 - Колледж қызметкерлеріне колледждеге және квазимемлекеттік сектордың өзге мемлекеттік органдары мен үйымдарында анықталған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы мәлімдеу;
 - Колледж қызметкерлерімен түсіндіру әнгімелерін өткізу;
 - 2) Колледждің лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне, соның ішінде бос лауазымға отыратын үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптарын қою;
 - 3) қағиданы кадрлық жұмыс тәжірибесіне енгізу, соған сәйкес лауазымды тұлғаның өзінің қызметтік міндеттерін үзак, мінсіз және тиімді орындауы оны жоғары тұрған лауазымға тагайындаған кезде немесе оған сыйақы беру кезінде міндетті тәртіпте ескерілуге тиіс;
 - 4) Колледж қызметкерлерін, сондай-ақ үшінші тұлғаларды алайқтық, асыра пайдалану және басқа да заңға қайшы әрекеттерді жасауға қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер

туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген әдістермен хабарлау құқығымен қамтамасыз ету.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша колledge қызметінің негізгі бағыттары:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында колledgeдің бірінғай саясатын жүргізу;
- мемлекеттік органдармен, сыртқы ұйымдармен, сондай-ақ азаматтармен және азаматтық қоғамның және институттарымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша колledgeдің өзара іс-қимыл жасау механизмін құру;
- Колledge қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барынша қатысуға тарту, олардың ойын сыбайлас жемқорлық тәртіпке деген жағымсыз көзқарасты қалыптастыруға бағытталған әкімшілік және өзге де шараларды қабылдау;
- қызмет көрсеткен кезде, адал, ашық, әділ бәсеке мен әділдікті қамтамасыз ету болып табылады.

9. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға және/немесе колledge қызметкерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға итермелеге қатысты белгілі фактілер немесе құдіктер туралы ақпаратты билетін колledgeдің өзге де қызметкерлері, сондай-ақ үшінші тұлғаларды тарту фактілері туындаған жағдайда, колledge қызметкерлері колledgeдің басшылығына дереу хабарлауға міндетті.

10. Бұндай әрекеттердің жасалуы туралы өтініш қажет болған жағдайда жауапкершілікке тарта отырып және уәкілетті мемлекеттік органдарды хабарландыра отырып, тексеріледі және өзінің логикалық соңына жеткізіледі.

5. Мұдделер қақтығысын болдырмау және реттеу тәртібі

11. Кәсіпорын қызметкерлері:

- 1) мұдделер қақтығысы туындауының кез келген мүмкіндігін болдырмау жөніндегі шараларды қабылдауға;
- 2) мұдделер қақтығысының туындауы немесе туындау мүмкіндігі туралы өзі білген уақытта дереу өзінің тікелей басшысына хабарлауға;
- 3) мұдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі өзге де шараларды қабылдауға міндетті.

12. Мұдделер қақтығысын болдырмау және реттеу мұдделер қақтығысы тарапы болып табылатын колledge қызметкерінің лауазымдық немесе қызметтік дәрежесінің өзгеруі түрінде, тіпті белгіленген тәртіпте қызметтік міндеттерді орындаудан босатылуы түрінде болуы мүмкін.

6. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін жауапкершілік

13. Колledge қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапқа тартылады.

ОТІ орынбасары, Комплаенс офицері

Ә.А.Жолдасова